ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 16 қаңтар №4712-24-00-2/4980 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т.Бекболатов,
сот отырысының хатшысы С.Жұбан қатысуымен,
ашық сот отырысында мобильді бейне байланыс арқылы қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түпқараған ауданы әкімдігінің «Түпқараған электр жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Разах» атында әрекет етуші Разах Елдос Әбдіқайымұлына

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Н.Ахметова,
жауапкер жеке кәсіпкер Е.Разах,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 6 қарашасында тараптар арасында №152 санды мемлекеттік сатып алу шарты (бұдан әрі - Шарт) жасақталып, жауапкер шарттың қосымшасындағы техникалық сипаттамаға сәйкес тауарды жеткізуге міндеттенген, алайда өз міндеттемелерін орындамауына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Сотта талап қоюшы өкілі Н.Ахметова жауапкер шарт міндеттемесін орындамағаны, атап айтылғанда жауапкермен техникалық сиптта көрсетілгеннен өзге тауар жеткізуге дайын екені туралы хабарлаған, алайда тауарды толықтай техникалық сипатта көрсетілген сипаттамаға сәйкес жеткізуді талап еткенін, бәрақ нәтижесінде шарт міндеттемесі

орындалмағаны үшін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы шарт бұзылғанын және жоспарлы тауарды сатып алынбағаны туралы дәлел келтіріп, талап қоюын қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер жеке кәсіпкер Е.Разах шарт міндеттемесін орындау барсыныда техникалық сипаттамадағы тауарды өндіруші тапсырыс бойынша ұзақ дайындалатыны, осыған орай мобильді қосымша арқылы басқарылатын қондырғы «PCZ-525» орнына қолмен басқарылатын «PCZ-525-1» қондырғысын жеткізуді ұсынғанын, алайда талап қоюшы бас тартқанын ескеруді, нарықта жоқ тауарды жеткізе алмағанында кінәсінің жоқтығын, осыған орай талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (осыдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасының талаптарына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді деген нормаларын басшылыққа алып.

Сотта анықталғаны, баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы 720 000 теңге бөлінген тауарды жеткізуге, жауапкер 469 120 теңге соммасы ұсынысымен жеңімпаз болып танылып, онымен Шарт жасақталып, шарттың №1 қосымшасындағы ерекшелікке сәйкес жауапкер «Жердің географиялық координаттарына және жыл мезгіліне байланысты күн батуы мен күннің шығыс уақытында жұмыс істейтін жарықтандыруға арналған PCZ-525 астрономиялық уақыт релесі» тауарының 20 данасын жеткізуге міндеттенген.

Шарттардың 8.1. тармағына сәйкес шарт қол қойған қойылғанан кейін күшіне енеді және және 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес екіжақты шартқа қол қойылған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізілу қарастырылған, яғни тауар 2024 жылдың 26 қарашасынан кешіктірілмей жеткізілуі қажет.

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 16.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Бекболатов А. Т., 28.02.2025

Алайда жауапкер тарапынан шарт бойынша міндеттемелері орындалмаған, тауар толық жеткізілмеген. Осыдан кейін Шарт мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы 2024 жылғы 30 желтоқсанында бұзылғаны анықталды.

Осыған орай сот жауапкердің шарт бойынша міндеттемесін орындау барысында барлық шара қолданғанын, нарықта жоқ тауардың орнына басқа тауарды жеткізу туралы ұсынысы қабылданбады деген уәждеріне сын көзбен қарайды, себебі шарт талаптарына баға ұсыныстарын ұсыну барысында келіскен, осыған орай техникалық ерекшелікте көрсетілген сипаттамаға сәйкес немесе одан да жақсы тауар жеткізу міндет.

Алайда жауапкермен Шарт әрекет ету мерзімінде тауар жеткізілмегені анықталды.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушініңҚазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде, яғни 2024 жылдың 11 желтоқсанында талап қоюын сотқа жолданған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің (әрі қарай – АПК) 72- және 73-баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкер тарапынан сотқа талапкердің талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер келтірілмеді, керісінше сот отырысында өзінің немқұрайлығы нәтижесінде Шарт міндеттемесін орындалмағанын мойындады.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкердің Шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 117-бабының талаптарына сай, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж шығындарын сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Сондықтан жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 16.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Бекболатов А. Т., 28.02.2025

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою – толықтай қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Разах» атында әрекет етуші Разах Елдос Әбдіқайымұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Разах» атында әрекет етуші Разах Елдос Әбдіқайымұлынан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарына сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасына шағым және прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Т.Бекболатов

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 16.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Бекболатов А. Т., 28.02.2025

4712-24-3-1/4582